

«Әлеуметтік-экономикалық даму және
2025 жылғы қаңтар-маусымдағы республикалық
бюджетті орындау қорытындылары туралы»
ҚР Үкіметі отырысындағы
ҚРҰБ Төрағасы Т. Сүлейменовтің баяндамасы
Астана қ, 2025 жылғы 15 шілде

Құрметті Олжас Абайұлы!

Құрметті әріптестер!

2-СЛАЙД. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІК

Іскерлік белсенділік индексі маусым айының қорытындысы бойынша **50,6 тармақты** құрады. Көрсеткіш он жеті ай қатарынан оң аймақта қалыптасып келеді.

Бизнес-климат индексі 11,6 тармақты құрады. Бизнес жүргізудің **қазіргі және болашақ шарттары оң** бағаланып отыр.

3-СЛАЙД. ИНФЛЯЦИЯ

Маусым айының қорытындысы бойынша **жылдық инфляция 11,8%** деңгейінде қалыптасты.

Маусымда азық-түлік инфляциясы **10,6%-ті, азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының инфляциясы 9,4%-ті** құрады.

Ақылы қызметтер бағасының өсуі жалпы инфляцияға ең көп үлес қосты. Жылдық көрсеткіш **16,1%** болды.

Айлық инфляция маусымда **0,8%-ті** құрап, орташа тарихи мәндерден жоғары қалыптасты.

Жалпы алғанда, **ішкі экономикада** проинфляциялық қысым сақталып отыр. Оның негізгі себептері:

- **фискалдық ынталандыру** аясындағы орнықты **сұраныс,**
- жоғары **инфляциялық күтулер,**

– тұрғын үй-коммуналдық қызмет тарифтерінің өсуі және т.б.

Сыртқы ортадан да бағаларға қысым бар:

– саудадағы келіспеушіліктерге байланысты **нарықта құбылмалылық** сақталып отыр,

– ірі сауда-серіктесіміз – **Ресейде** инфляция жоғары және оған қоса Ресей рублінің нығайғаны байқалып отыр,

әлемдік азық-түлік нарықтарында бағаның өсуі жалғасуда.

Осы жағдайға Ұлттық Банк биылғы 7 наурызда базалық мөлшерлемені **16,5%-ке** дейін көтеріп, сәуір-шілде айларында сол деңгейде мөлшерлемені сақтады.

Қалыптасқан жоғары инфляция **ұстамды қатаң** ақша-кредит шарттарын бұрын болжанғаннан ұзағырақ сақтауды қажет етеді.

4-СЛАЙД. ТЕҢГЕНІҢ АЙЫРБАСТАУ БАҒАМЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ

Жыл басынан теңге бағамы 1 доллар үшін 519,73 теңгеге дейін 1%-ке нығайды (2025 жылғы 30 маусымда).

Әлемдік саудадағы келіспеушіліктер мен Ресей рублінің күшеюі нарықта құбылмалылықты арттырып отыр – бұл **сыртқы факторлар қатарында ерекше** байқалады. Сонымен қатар, мұнай бағасы шамамен 1 баррель үшін \$70 доллар деңгейінде қалыптасты.

Ішкі факторлар тұрғысынан жылдың алғашқы айларында импорттың қысқаруы мен экспорттаушылардың салық төлемдеріне байланысты валюта ұсынысының артуы ұлттық

валютаны қолдауға ықпал етті.

Сонымен бірге, өткен айдың екінші жартысынан бастап валюта нарығындағы сұраныстың артуына байланысты теңге **бағамының маусымдық өзгерісі** байқалады. Халық арасында **демалыс маусының басталуы**, сол секілді **бюджеттік бағдарламалар** мен мемлекеттік сатып алулардың **белсенді орындалуынан** заңды тұлғалар тарапынан АҚШ долларына сұраныс артты – бұл негізгі факторлардың бірі болды.

Жалпы, сыртқы орта қалыпты. Ал ішкі факторлар маусымдық сипатқа ие. Бұл жағдайда айырбастау бағамының айтарлықтай өзгеруі үшін негіз жоқ.

Ұлттық Банк **теңгерімсіздіктің жинақталуын** болдырмайтын **икемді бағам белгілеу** режимін ұстануды жалғастырады.

5-СЛАЙД. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЗЕРВТЕР

Жалпы халықаралық резервтер жыл басынан **7,4%-ке** өсіп, **112,3 млрд доллар** болды.

Ұлттық Банктің **алтын-валюта резервтері** **52 млрд долларға** дейін яғни **13,5%-ке** ұлғайды.

Ұлттық қордың активтері жыл басынан **2,6%-ке** ұлғайып, **60,3 млрд долларды** құрады.

Ұлттық қорға түсетін **түсімдер** **1,8 трлн теңге**, ал **Ұлттық қордан** республикалық бюджетке **трансферт** көлемі **3,1 трлн теңге** болды.

Ұлттық қордың 6 айдағы **инвестициялық табысы** **7,8%** немесе **4,7 млрд доллар** құрағанын атап өту қажет.

6-СЛАЙД. БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІ

Жыл басынан **Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері 23,5 трлн теңгеге дейін 4,7%-ке ұлғайды.** Жыл басынан инвестициялық табыс көлемі **371 млрд теңгені құрады.** Зейнетақы жарналары **1,4 трлн теңге,** ал қаражатты **мерзімінен бұрын алу** сомасы **449,9 млрд теңге** болды.

Құрметті Олжас Абайұлы!

Ұлттық Банк **макроэкономикалық және қаржылық тұрақтылықты** қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастырады.

Инфляцияның өсу тәуекелін азайту үшін **дезинфляциялық саясат** жүргіземіз. Ақша-кредит саясаты құралдарынан бөлек қосымша шаралар қабылданады.

1. Алтын сатып алу аясында валюталық операцияларды теңдестіруді жалғастырамыз.

2. Жеке тұлғалардың несиелері бойынша **контрциклдік капитал буферін** енгізу туралы шешім қабылданды.

3. Банктер үшін **міндетті минималды резерв талаптарын (МРТ)** арттыру жұмысы пысықталып жатыр.

4. Активтерді басқару аясында **Ұлттық қор** мен **Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының** портфелінде жоғары кірістілікке ие активтердің үлесін ұлғайту көзделіп отыр.

5. Қаржы секторында **цифрлық трансформация** жалғасады. **Цифрлық теңгені масштабтау** жұмыстары

жүргізіледі. Бұл цифрлық теңгені мемлекеттік қаржының **жаңа бағыттарында енгізу** мүмкіндіктерін пысықтауды қамтитын болады.

6. Биыл Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес еліміздің қаржы заңнамасы бойынша ауқымды реформалар топтамасы әзірленіп жатыр. Бұл топтамада банктер, төлемдер, бағалы қағаздар нарығын дамыту және басқа да мәселелер қамтылған. Оған қоса **Цифрлық қаржы активтерін** реттеуді және **Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымын** енгізуді жоспарлап отырмыз. **Төлем нарығын** одан әрі дамытуды жалғастырамыз. Аталған шаралар қаржы секторының экономиканы дамытуға және азаматтардың әл-ауқатын жақсартуға қосып жатқан үлесін арттырады, оның дәстүрлі секторларына да, жаңа салаларға да серпін береді.

Назарларыңызға рақмет!